

Әуликөл ауданында 2010 жылға арналған тұрғындардың нысаналы топтарын белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 46 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 наурызда № 9-7-116 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5, 7-баптарына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әуликөл ауданында 2010 жылға арналған жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін тұрғындардың нысаналы топтары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғындардың нысаналы топтарына кіретін тұлғалардың жұмыспен қамтылуына ықпал жасау бойынша шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің

міндетін атқарушы

Р. Нұғманова

Әуликөл ауданы әкімдігінің

2010 жылғы 10 ақпандағы

№ 46 қаулысына қосымша

Жұмыспен қамтуға ықпал жасау үшін 2010 жылға арналған Әуликөл ауданындағы тұрғындардың нысаналы топтары

1. Аз қамтылғандар.

2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар.

3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар.

4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көпбалалы ата-аналар.

5. Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар

а з а м а т т а р .

6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуына екі жыл қалған).

7 . М ү г е д е к т е р .

8. Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарынан босаған адамдар.

9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар.

10 . О р а л м а н д а р .

11. Жұмыс берушінің – заңды тұлғаның таралуына немесе жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметінің тоқтатылуына, жұмысшылардың саны немесе штаты қысқаруына байланысты босатылған тұлғалар.

12. Жоғары және жоғары оқу орындарынан кейін білім мекемелерінің түлектері.

13. Техникалық, кәсіби және орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінің түлектері .

14. Ұзақ уақыт (он екі ай және одан астам) жұмыс істемейтін тұлғалар.